VERROQ



КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Тәуелсіз стратегиялық консалтинг

Жеке капитал · Стратегиялық серіктестік
· Халықаралық бизнесті дамыту

verroq.partners

VERROQ



БІЗ ТУРАЛЫ

Тәуелсіз кәсіби пайым. Кешенді көзқарас.

VERROQ — компанияларға, инвесторларға және бизнес иелеріне күрделі стратегиялық, инвестициялық және коммерциялық шешімдер қабылдау мәселелері бойынша кеңес беретін тәуелсіз стратегиялық консалтингтік компания.

Стратегия, жеке капитал, стратегиялық серіктестік және халықаралық бизнесті дамыту салаларындағы сарапшылық құзыреттерді біріктіре отырып, біз клиенттерімізге мүмкіндіктерді бағалауға, басымдықтарды айқындауға және стратегиялық бастамаларды іске асырудың тиімді жолдарын әзірлеуге көмектесеміз.

БІЗДІҢ ҚАҒИДАТТАРЫМЫЗ

Тәуелсіз кәсіби пайым

Біздің ұсынымдарымыз алдын ала белгіленген шешімдерге емес, клиенттеріміздің мақсаттары мен әрбір мүмкіндікті объективті бағалауға негізделеді.

Кешенді көзқарас

Біз стратегияны, капиталды, коммерциялық қатынастарды және нарық серпінін шешім қабылдаудың бірыңғай жүйесі аясында қарастырамыз.

Іске асыруға бағдарлану

Біз стратегиялық шешімдерді нақты басымдықтарға айналдыруға, мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл орнатуға және коммерциялық бастамаларды ілгерілетуге баса назар аударамыз.

ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ

Төрт бағыт. Бірыңғай тәсіл.

VERROQ өзара толықтыратын төрт бағыт бойынша консультациялық қызмет көрсетеді. Бұл қызметтер клиенттің мақсаттары мен нақты жобаның ерекшеліктеріне қарай жеке немесе кешенді түрде ұсынылады.

01 СТРАТЕГИЯЛЫҚ КОНСАЛТИНГ

Біз клиенттерімізге өсу мүмкіндіктерін бағалауға, нарықтарды талдауға, стратегиялық ұстанымын айқындауға және бизнесті дамыту, инвестициялық басымдықтар мен қызмет аясын кеңейту бойынша негізделген шешімдер қабылдауға көмектесеміз.

02 ЖЕКЕ КАПИТАЛ БОЙЫНША КОНСАЛТИНГ

Біз компаниялар мен жоба бастамашыларына капитал тарту стратегиясы, инвестициялық позициялау, сондай-ақ қаржыландырудың ықтимал көздері мен құралдары бойынша кеңес береміз. Сонымен қатар тиісті жеке және институционалдық инвесторлармен байланыс орнатуға жәрдемдесеміз.

03 СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК

Біз стратегиялық, қаржылық және коммерциялық серіктестерді іздеуге, бағалауға және серіктестік қатынастарды дамытуға жәрдемдесеміз. Бұл ретте тараптардың құзыреттерінің бірін-бірі толықтыруына, мүдделерінің үйлесуіне және іске асыруға болатын коммерциялық ынтымақтастық үлгілерін қалыптастыруға ерекше мән береміз.

04 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕСТІ ДАМЫТУ

Біз клиенттерімізге жаңа нарықтарға шығу, халықаралық қызметін кеңейту, коммерциялық мүмкіндіктерді дамыту және контрагенттермен өзара іс-қимыл жасау барысында қолдау көрсетеміз. Бұған мәмілелерді сүйемелдеу және әртүрлі юрисдикциялардағы қызметті үйлестіру де кіреді.

VERROQ

ЖАҢАНДЫҚ КӨЗҚАРАС. НАҚТЫ ІЛГЕРІЛЕУ.

БІЗ КОНСАЛТИНГТІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ МҮМКІНДІКТЕРДІ АНЫҚТАУМЕН ҒАНА ШЕКТЕЛМЕЙ, ОЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ДА ЖАТЫР ДЕП СЕНЕМІЗ.

БІЗДІҢ ТӘСІЛІМІЗ

Стратегиялық шешімдерден коммерциялық нәтижелерге дейін.

Күрделі коммерциялық жобаларды іске асыру сирек жағдайда бір ғана шешімге тәуелді болады. Табысты ілгерілеу үшін стратегиялық мақсаттарды, тиісті капитал көздерін, мүдделі тараптарды және іске асырудың нақты жоспарын өзара үйлестіру қажет.

VERROQ осы құрамдастарды кешенді консультациялық тәсіл аясында біріктіреді.

VERROQ



СТРАТЕГИЯ

Мүмкіндіктер мен олардың коммерциялық әлеуетін бағалау, нарықтық жағдайды талдау және стратегиялық басымдықтарды айқындау.



КАПИТАЛ

Капиталға қажеттілікті анықтау, инвестициялық позициялауды нығайту және қаржыландырудың қолайлы көздері мен құралдарын бағалау.



ІСКЕ АСЫРУ

Мүдделі тараптардың мүдделерін үйлестіру, коммерциялық қатынастарды дамыту және стратегиялық бастамалардың ілгерілеуіне жәрдемдесу.

БІЗДІҢ КЛИЕНТТЕРІМІЗ

Біз корпорациялармен және кәсіпкерлермен, жоба бастамашыларымен және актив иелерімен, жеке капитал өкілдерімен және отбасылық инвестициялық кеңселермен, сондай-ақ өсу, инвестициялар және коммерциялық даму салаларында маңызды шешімдер қабылдайтын институционалдық инвесторлармен жұмыс істейміз.

БІЗДІҢ ҮЛЕСІМІЗ

Консультациялық мандаттың сипатына қарай біздің жұмысымыз стратегиялық бағалауды, капитал тарту жоспарларын әзірлеуді, инвестициялық материалдарды дайындауды, контрагенттерді іздеуді, мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды және іске асыру басымдықтарын айқындауды қамтуы мүмкін.

Біздің міндетіміз — мүмкіндіктерді бағалау кезеңінен оларды коммерциялық тұрғыдан іске асыруға дейінгі үдерісте айқындықты, мүдделердің үйлесімділігін және практикалық қолдауды қамтамасыз ету.

VERROQ

ТӘУЕЛСІЗ СТРАТЕГИЯЛЫҚ КОНСАЛТИНГ

Жеке капитал.
Стратегиялық серіктестік.
Халықаралық бизнесті дамыту.

DUBAI • ALMATY • TORONTO • HONG KONG

contact@verroq.partners
verroq.partners

©VERROQ 2026